

## 2021 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 185 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 қаңтарда № 8130 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 77 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 27.10.2021 № 77 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі ауданының әкімі*

*К. Мубаракوف*

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 185 қаулысына 1 - қосымша

## 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	"Шиелі-Жолшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	0,6 %
	"Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы"		

2	жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	241	2,4 %
3	"РУ-6" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	433	4,3 %
4	"Волковгеология" Акционерлік қоғамының филиалы "№23 Геологиялық барлау экспедициясы"	870	8,7 %

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 185 қаулысына 2 - қосымша

**2021 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	"Ляньци Инвест Сервис Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	51	1,02 %

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 185 қаулысына 3 - қосымша

**2021 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	Қызылорда облысының білім басқармасының " Шиелі индустриалды – аграрлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	91	0,91%